«Алтай ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен Алтай ауданының жалпы білім беретін мектептерінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша

АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

2024 жылғы 02 қазаннан 2025 жылғы 20 қазанға дейінгі кезең

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын басшылыққа ала отырып, Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Алтай ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен Алтай ауданының жалпы білім беретін мектептерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – СЖТІТ) жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында төмендегілер пайдаланылды:

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары.

2026 жылғы 24 қыркүйектегі № 427 бұйрықпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының құрамы бекітілді.

Жұмыс тобының төрағасы:

Комарова Алёна Ивановна – заңгер.

Жұмыс тобының мүшелері:

1. Амисолтанова Фарида Советкановна – әдістемелік кабинет меңгерушісі, жұмыс тобының мүшесі;
2. Фаткулина Индира Забировна – бас экономист, жұмыс тобының мүшесі;
3. Михеева Наталья Анатольевна – бас бухгалтер, жұмыс тобының мүшесі;
4. Рогожина Ольга Александровна – бас маман, жұмыс тобының мүшесі;
5. Касымжанова Жанна Нурмухамедовна – бала құқығын қорғау жөніндегі әдіскер, жұмыс тобының мүшесі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу кезеңі: 2026 жылғы 01 қыркүйектен 30 қыркүйекке дейін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау екі бағыт бойынша жүргізілді:

1) Бөлімнің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Бөлімнің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, оның ішінде:

- персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырауы мүмкін лауазымдарды айқындау;
- мемлекеттік қызметтер көрсету;
- мүдделер қақтығысын реттеу.

I. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «АЛТАЙ АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Бірінші бағыт бойынша: Бөлімнің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Бөлім өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамаларын басшылыққа алады:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңы, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ Заңы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы № 604бұйрығы, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңы, сондай-ақ ШҚО әкімдігінің қаулысымен бекітілген ШҚО білім басқармасының Алтай ауданы бойынша білім бөлімінің Ережесі.

Аталған заңнамалар мен нормативтік құқықтық актілерді зерделеу барысында кадр қызметінің лауазымды тұлғаларының өз қалауы бойынша шешім қабылдауына ықпал ететін, жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруына кедергі келтіретін, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерді еркін түсіндіруге мүмкіндік беретін құқықтық олқылықтар мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдері **анықталған жоқ.**

Екінші бағыт бойынша: Бөлімнің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі бойынша мынадай индикаторлар қарастырылды:

– персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдарды айқындау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымды тұлғалар ретінде бөлім басшысы, бөлімнің бас бухгалтері айқындалған. Орындаушы қызметкерлердің лауазымдары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейімділік **анықталған жоқ.**

Талдау барысында Бөлімнің персоналды басқару қызметі зерделенді. Бөлімнің штатында барлығы 34 қызметкер жұмыс істейді, оның ішінде 5 қызметкер қоса атқарушы болып табылады.

Штаттық кестеге сәйкес мемлекеттік қызметшілердің 3 бірлігі қарастырылған, нақты саны - 3 бірлік.

Әдістемелік кабинетте штаттық кестеге сәйкес 18 бірлік қарастырылған, оның ішінде: әдіскерлер - 10 бірлік, инспекторлар - 2 бірлік. Тексеру жүргізілген сәттегі нақты штат саны бойынша әдіскерлердің 11 ставкасы, оның ішінде 1 әдістемелік кабинет меңгерушісі, инспекторлардың 2 бірлігі және әдіскерлердің 14 ставкасы көрсетілген.

Лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін білім бөлімінің 2 азаматтық қызметшісі тәртіптік жауапкершілікке тартылған. Талдау кезеңінде еңбек тәртібін бұзу және еңбек тәртібін қайталап бұзу фактілері **тіркелген жоқ.**

Талдау кезеңінде Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін (мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларын) сақтамағаны үшін мемлекеттік қызметшілерді жауапкершілікке тарту фактілері болған жоқ.

Бөлім қызметкерлерінің басшымен аффилиирленуі, мүдделер қақтығысының болуы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы белгіленген шектеулер мен тыйымдарды бұзу фактілері **анықталған жоқ.**

Мүдделер қақтығысын реттеу бағыты бойынша Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу объектісінің қызметінде мүдделер қақтығысын реттеу бағытында бұзушылықтар анықталған жоқ.

Мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу шаралары белгіленген тәртіппен қабылданатыны анықталды.

Қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін орындау барысында мүдделер қақтығысының туындау фактілері анықталған жоқ.

Осылайша, талдау нәтижелері бойынша мүдделер қақтығысын реттеу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері **анықталған жоқ.**

Мемлекеттік қызметтер көрсету бағыты бойынша:

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығымен бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес ШҚО білім басқармасының «Алтай ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 21 мемлекеттік қызмет көрсетіледі және олардың көрсетілуіне бақылау жүргізіледі.

Талдау кезеңінде Бөлім тарапынан барлығы 5408 мемлекеттік қызмет көрсетілген, оның ішінде:

- кеңсе арқылы – 729;
- «Электрондық үкімет» веб-порталы және (немесе) Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету мүмкіндігі бола тұра, баламалы негізде қағаз түрінде кеңсе арқылы көрсетілген қызметтер – 3876;
- Мемлекеттік корпорация арқылы – 20;
- электрондық түрде – 528;
- мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту саны – 255.

Талдау нәтижелері бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібін бұзу және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына жағдай жасайтын өзге де бұзушылықтар **анықталған жоқ.**

Мемлекеттік қызметтер көрсету бағыты бойынша мынадай индикаторлар қарастырылды:

– мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде пайдаланылатын ақпараттық жүйелердің тиісінше жұмыс істемеуі салдарынан белгіленген тәртіптің бұзылуына жол берілуі.

Бөлімнің мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына жүргізілген бақылау іс-шарасының нәтижелері бойынша талдау кезеңінде мұндай фактілер **анықталған жоқ.**

– құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін тікелей қызмет берушіі арқылы беру.

Бөлімнің мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына жүргізілген бақылау іс-шарасының нәтижелері бойынша талдау кезеңінде мұндай фактілер **анықталған жоқ.**

Бюджет қаражатын игеру және болу бағыты бойынша Бөлімнің қызметінде бюджет қаражатын игеру және болу бағыты бойынша бюджеттік жоспарлауды ұйымдастыруға, бюджет қаражатын болу мен пайдалануға, мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнама талаптарының сақталуына, сондай-ақ есептілік, мониторинг және қаржылық бақылау тетіктеріне бағалау жүргізілді.

Талдау барысында Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының қағидаттарын өрескел бұзу фактісі анықталды. Атап айтқанда, жұмыс уақытынан тыс уақытта тапсырыстарды рәсімдеу фактісі анықталды. Бұл басқа әлеуетті өнім берушілердің мемлекеттік сатып алуға қатысу мүмкіндігін едәуір шектеп, алдын ала айқындалған тұлғалармен шарттар жасасуға жағдай туғызған.

Аталған бұзушылыққа жол бергені үшін Бөлімнің мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджері Алтай ауданы прокуратурасының 2026 жылғы 17 маусымдағы № 2-1512-26-01040 ұсынуы негізінде сөгіс түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуын айғақтайтын өзге де фактілер анықталған жоқ. Бюджет қаражатын жұмсаудың ашық болмауы, шығыстарды негізсіз жоспарлау, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің нақты қажеттіліктерге сәйкес келмеуі, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру барысында өзге де бұзушылықтар анықталған жоқ.

Осылайша, бюджет қаражатын игеру және болу бағыты бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарын бұзуға байланысты **сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталды.** Аталған факті бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу саласындағы қолданыстағы заңнамасы бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, тәртіптік ықпал ету шаралары қабылданды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру бағыты бойынша

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу және профилактикасы жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің сақталуына, сондай-ақ ықтимал сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлау арналарының ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағалау жүргізілді.

Бөлімде азаматтар мен қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ақпараттандыру жұмыстары ұйымдастырылған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ақпараттық стенд және ықтимал құқық бұзушылықтар туралы хабарлауға арналған сенім жәшігі орналастырылған.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы белгіленген тәртіппен қаралады.

Бөлім басшысы жеке және заңды тұлғаларды бекітілген кестеге сәйкес, сондай-ақ кезектілік туындаған жағдайда кестеден тыс жеке қабылдайды. Бұл азаматтардың Бөлім құзыретіне кіретін мәселелер бойынша тікелей жүгінуіне мүмкіндік береді.

Есепті кезеңде азаматтарды 9 жеке қабылдау жүргізілді. Көтерілген барлық мәселелер бойынша Бөлім басшысы нақты түсініктемелер беріп, білім бөлімінің жауапты мамандарына тиісті тапсырмалар жүктеді.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының профилактикасы жөніндегі жұмыс сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарының сақталуына, қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауының алдын алуға бағытталған.

Талдау нәтижелері бойынша қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық сипатындағы өзге де бұзушылықтар фактілері анықталған жоқ.

Осылайша, талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері **анықталған жоқ.**

Қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету бағыты бойынша Бөлім қызметі туралы ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуге, оның интернет-ресурстарда уақтылы орналастырылуына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ақпаратқа қол жеткізу саласындағы заңнама талаптарының сақталуына бағалау жүргізілді.

Бөлімнің ресми интернет-сайты және Instagram әлеуметтік желісіндегі парақшасы бар. Аталған ақпараттық ресурстарда Бөлімнің қызметі, өткізілетін іс-шаралар, білім алушылар мен педагогтердің жетістіктері, сондай-ақ қоғам үшін маңызды өзге де ақпараттық материалдар тұрақты түрде жарияланып отырады.

Аталған ақпараттық ресурстар ауданның білім беру жүйесінің қызметі туралы халықты ақпараттандыруды қамтамасыз етеді және оның ашықтығы мен айқындылығын арттыруға ықпал етеді.

Бөлімнің қызметі туралы ақпарат Қазақстан Республикасының ақпаратқа қол жеткізу туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып орналастырылады. Ресми ақпараттық ресурстарда материалдарды жариялау

жеке және заңды тұлғалар үшін ақпараттың қолжетімді болуын қамтамасыз етеді.

Талдау аясында қоғам үшін маңызды ақпаратты жасыру, оны уақтылы орналастырмау немесе Бөлімнің қызметі туралы ақпаратқа қол жеткізуді шектеу фактілері анықталған жоқ. Қоғамдық маңызы бар мәселелер бойынша шешімдер қабылдаудың ашық болмауына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің бар екенін көрсететін фактілер анықталған жоқ.

Осылайша, талдау нәтижелері бойынша қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері **анықталған жоқ.**

II. АЛТАЙ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУГЕ ҚАРАСТЫ ҰЙЫМДАРЫ

Ауданда барлығы 35 жалпы білім беретін мектеп жұмыс істейді, оның ішінде: 25 орта мектеп, 5 негізгі мектеп және 5 бастауыш мектеп.

Сонымен қатар 9 мектепке дейінгі ұйым қызмет атқарады: оның 6-ы мемлекеттік және 3-і жекеменшік балабақша.

Қосымша білім беру жүйесі 3 мекемеден тұрады: 2 балалар музыка мектебі және жас натуралистер станциясы.

Шағын жинақты мектептер қатарына 23 мектеп жатады, оның ішінде 22-сі ауылдық жерде орналасқан. Толық жинақты мектептер саны – 12, оның ішінде 2-і ауылдық мектеп.

2026–2027 оқу жылында Алтай ауданы бойынша білім беру ұйымдарының желісі 1 бірлікке қысқарды: Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен білім алушылар контингентінің болмауына, яғни желі нормативінің орындалмауына байланысты ШҚО білім басқармасының Алтай ауданы бойынша білім бөлімінің «Подорленок бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі таратылды.

Білім беру ұйымдарында 867 педагог жұмыс істейді, 36 мұғалімге бос жұмыс орны бар.

Алтай ауданының білім беру ұйымдарының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу барысында төмендегідей жұмыстар атқарылды.

Бірінші бағыт бойынша:

Жалпы білім беретін мектептердің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мектептердің лауазымды тұлғаларының өз қалауы бойынша шешім қабылдауына ықпал ететін, жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруына кедергі келтіретін, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерді еркін түсіндіруге мүмкіндік беретін құқықтық олқылықтар мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындауы мүмкін заңнама, нормативтік құқықтық актілер мен лауазымдық нұсқаулықтарды зерделеу барысында мұндай фактілер **анықталған жоқ.**

Екінші бағыт бойынша:

Жалпы білім беретін мектептердің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі, персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдарды айқындау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымды тұлғалар ретінде мектеп директорлары мен бас бухгалтерлер айқындалған. Орындаушы қызметкерлердің лауазымдары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейімділік **анықталған жоқ.**

Жалпы білім беретін мектептердің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі және мүдделер қақтығысын реттеу бағыты бойынша мынадай индикатор қарастырылды:

б) Талдау объектісі қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында мүдделер қақтығысының туындау фактілері.

Мұндай фактілер **анықталған жоқ.**

Персоналды басқару бағыты бойынша мынадай индикатор қарастырылды:

4) Бос жұмыс орындарының болуы, біліктілік талаптары, қажетті құжаттар тізбесі және іріктеудің әртүрлі кезеңдеріне жіберілген тұлғалар туралы ақпаратты орналастырмау, уақтылы орналастырмау және (немесе) толық орналастырмау.

Аталған индикатор бойынша бұзушылықтар **анықталған жоқ.**

Мемлекеттік қызметтер көрсету бағыты бойынша мынадай индикатор қарастырылды:

5) Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін тікелей қызмет беруші арқылы беру.

Білім тарапынан мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына жүргізілген бақылау іс-шарасының нәтижелері бойынша талдау кезеңінде бұзушылықтар **анықталған жоқ.**

Бюджет қаражатын игеру және бөлу бағыты бойынша

Бюджеттік жоспарлауды ұйымдастыруға, бюджет қаражатын бөлу мен пайдалануға, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы талаптарының сақталуына, сондай-ақ есептілік, мониторинг және қаржылық бақылау тетіктеріне бағалау жүргізілді.

Талдау барысында «Алтай қаласының № 9 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметінде мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың қағидаттарын бұзу фактісі анықталды. Атап айтқанда, жұмыс уақытынан тыс уақытта тапсырыстарды рәсімдеу фактісі анықталды. Бұл басқа әлеуетті өнім берушілердің мемлекеттік сатып алуға қатысу мүмкіндігін едәуір шектеп, алдын ала айқындалған тұлғалармен шарт жасасуға жағдай туғызған.

Аталған факт мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелінің бар екенін көрсетеді, өйткені мұндай әрекеттер бәсекелестікті шектеуі, сатып алу рәсімдерінің ашықтығын төмендетуі және жекелеген әлеуетті өнім берушілерге артықшылық беруі мүмкін.

Жол берілген бұзушылық үшін «Алтай қаласының № 9 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджері Алтай ауданы прокуратурасының 2026 жылғы 17 маусымдағы № 2-1512-26-01040 ұсынуы негізінде сөгіс түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Бюджет қаражатын игеру және бөлу бағыты бойынша зерделенген өзге де мәселелер аясында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің бар екенін көрсететін фактілер анықталған жоқ.

Осылайша, білім беру ұйымдарының қызметінде «Алтай қаласының № 9 орта мектебі» КММ-де мемлекеттік сатып алу қағидаттарын бұзуға байланысты **сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталды.** Аталған факт бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу саласындағы қолданыстағы заңнамасы бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, тәртіптік ықпал ету шаралары қабылданды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру бағыты бойынша

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу және профилактикасы жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптары мен белгіленген шектеулердің сақталуына, сондай-ақ ықтимал сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлау арналарының ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағалау жүргізілді.

Білім беру ұйымдарында қызметкерлерді, білім алушыларды және олардың ата-аналарын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ақпараттандыру жұмыстары ұйымдастырылған. Білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ақпараттық стендтер орналастырылған. Аталған стендтерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының профилактикасы жөніндегі шаралар туралы ақпарат қолжетімді. Ықтимал құқық бұзушылықтар туралы ақпарат беру үшін сенім жәшіктері қарастырылған.

Білім беру ұйымдарының басшылары сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының профилактикасы бойынша жұмыс жүргізеді. Аталған жұмыс сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтауға, қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауының алдын алуға бағытталған.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері заңнамада белгіленген тәртіппен «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы қаралады. Білім беру ұйымдарының басшылары азаматтардың өз құзыреттеріне кіретін мәселелер бойынша жүгіну мүмкіндігін қамтамасыз етеді және келіп түскен өтініштерді қарау бойынша тиісті шаралар қабылдайды.

Талдау нәтижелері бойынша білім беру ұйымдарының қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау және сыбайлас жемқорлық сипатындағы өзге де бұзушылықтар фактілері анықталған жоқ.

Осылайша, талдау нәтижелері бойынша білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері **анықталған жоқ.**

Қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету бағыты бойынша

Білім беру ұйымдарының қызметі туралы ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуге, оның интернет-ресурстарда уақтылы

орналастырылуына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ақпаратқа қол жеткізу саласындағы заңнама талаптарының сақталуына бағалау жүргізілді.
Білім беру ұйымдары өз қызметі, өткізілетін іс-шаралар, білім алушылар мен педагогтердің жетістіктері, сондай-ақ қоғам үшін маңызды өзге де мәселелер туралы жұртшылықты ақпараттандыру жұмыстарын жүзеге асырады. Ақпараттық материалдар білім беру ұйымдарының ресми сайттарында (бар болған жағдайда), сондай-ақ әлеуметтік желілердегі парақшаларында орналастырылады.


Ақпаратты орналастыру білім беру ұйымдары қызметінің ашықтығын арттыруға, ата-аналар, білім алушылар және басқа да мүдделі тұлғалар үшін мәліметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ қоғамның білім беру жүйесіне деген сенімін нығайтуға ықпал етеді.

Талдау барысында қоғам үшін маңызды ақпаратты жасыру, оған қол жеткізуді негізсіз шектеу, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету бөлігінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің бар екенін көрсететін өзге де бұзушылықтар анықталған жоқ.

Осылайша, талдау нәтижелері бойынша білім беру ұйымдарының қызметінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері **анықталған жоқ.**

Жұмыс тобының құрамы:

Комарова Алёна Ивановна
Амисолтанова Фарида Советкановна
Фаткулина Индира Забировна
Михеева Наталья Анатольевна
Рогожина Ольга Александровна
Касымжанова Жанна Нурмухамедовна



Таныстырылды:
ШҚО ББ «Алтай ауданы бойынша білім бөлімі» ММ басшысы **Б. Канафина**

МО

27.10.2026 ж.